

Саған арнап тоқимын гүл алқасын.  
Сонда ғана түн дейтұғын тәңірің  
Бізге мүлде жүргізе алмайды әмірін.

Ақын деген қай тілде сөйлесін, қай тілде өлең жазсын адамзат баласына айтар тілегі - біреу, ол - шырағың сөнбесін!

Қорыта айтқанда, Жарасқан Әбдірашев арқылы Рабиндранат Тагор ақындығын танысақ, Рабиндранат Тагор арқылы үнді халқының тұрмыс-тіршілігін, оның поэзияда қалай жырланатынын аңғардық. Сонымен қатар, шығыс жұрты поэзиясындағы пайымның қазақ поэзиясымен ұқсас жақтары бар екендігін де аша білдік. Өмірі күрделі тартысқа толы Тагордың қилы заманын, күрескерлік кейпін, қуанышы мен мұңын оны жырлаған ақындық қуатын таратып айта білуге тырыстық.

*Пайдаланған әдебиеттер тізімі:*

1. Горев А, Зимянин В. Неру. // Аударған З. Әбдешев, Ж. Шайқаков. Алматы: Жалын, - 1991. – 416 б.
2. Рабиндранат Тагор. Школьная библиотека Избранное. Москва: Просвещение, - 1987. – 272 с.
3. Әуезов М. Мұхтар Әуезов Шығармалар Он екі томдық. – Алматы: Жазушы, - 1969. – 536 б.
4. Рабиндранат Тагор. Күйреу Соңғы поэма Әңгімелер Өлеңдер. Әлем әдебиеті кітапханасы, Астана: Аударма, 2007. – 476 б.
5. Ахтанов Т. Үндістан хикаясы. – Алматы: Жазушы, - 1971. – 192 б.
6. Тебегенов Т. Әлем әдебиеті. – Алматы: Арыс, 2004. – 165 б.

\*\*\*

*В статье анализируется тематический круг идейно-художественных особенностей поэзии великого писателя, поэта и гордости Индии Рабиндраната Тагора, его философские рассуждения, взаимосвязь с казахским мировоззрением.*

ӘОЖ 536.7:621.37:81276.6

**Кенжемұратова С.К.**  
*Кафедра меңгерушісі, доцент*

## М.ӘУЕЗОВТІҢ ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРЫП, ДАМЫТУДАҒЫ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Заңғар жазушымыз М.Әуезовті қазақ әдебиетінің мұратын ғана ойлаған ғалым десек, қателескен болармыз. Қазақ терминологиясының, ғылым тілінің қалыптасып дамуына өзіндік үлесін қосқан зиялы қауымнан шыққан данышпандарымыздың бірі де бірегейі десек артық айтпаған болар едік. Данышпандығының өзі

сол – ұлттық мәдениетіміздің көптеген салаларының көкейтесті мәселелеріне дер кезінде көңіл бөлуінде.

Сол заманның тынысын, халық тұрмысы мен тіршілігін, мәдениеті мен әдебиетін жете бақылаған жазушы әрі ғалым М.Әуезов жиырма жасының өзінде-ақ, 1917 жылы жаңа дамып келе жатқан жас қазақ ғылымына және оның тіліне аса көңіл бөлген. Оған жаны ауырып, өз халқына деген сүйіспеншілікпен «қайсысын қолданамыз?» деген мақала жазған. Ол алғаш рет «Сарыарқа» газетінде жарияланса, содан кейін бір жылдан соң алғашқысынан гөрі көлемдірек, мазмұндырақ. «Ғылым тілі» атты екінші мақаласы «Абай» журналының №11 санында жарияланыпты. Бұл екі мақаланың да негізгі тақырыбы - жаңа туып, қалыптасып келе жатқан жас қазақ ғылымының сол кездегі жағдайы және оның болашағы. Әрине, оның тілі де сол мақалалардың негізгі арқауы болды. Сондықтан болар, кезінде М.Әуезовтің осы мақалаларында айтылған жайлар мен көтерілген мәселелердің өзектілігі Р.Сыздықованың [1], М.Серғалиевтің [2], т.б. еңбектерінде айтылған болатын.

«Жұрт оянып, көзін ашып, жұрттыққа бетін түзесе, күннен-күнге мұқтажы табылып көбеймек. Осы күнге біздің көп мұқажымыздың ішінде ең ірісі – ғылым» - деп басталатын жоғарыда аталған мақаласында «Қазаққа келсек, мектепке арналған реті бар кітабы жоқ. Себебі, мұны ниет қылған талапкерлердің алдынан көлденең шығатын зор кедергі барлығы. Ол – ғылым тілі. Ғылым тіліне қазақ сөзі жетпейтініні, жететін болған күнде де, аршылып, арналмағандығы анық. Қандай тілге бай жұрт болсын, ғылым жолына түсе бастағанда тілі кемшілік қылып, қашанға ескісін алып құрастырып, бөтен жұрттың тілін жамау қылып, неше түрлі болып, аламыштанады.

Бір халықтың ғылымсыз күніндегі тілін алып, артынан ғылымды болған күндегі тілін алсақ, соңғы тілі жаңа туғандай болып, өзгереді» -деген пікір айтады.

Бұл мақаласында ғалым М.Әуезов қазақтың ғылым тілін, терминология мәселесін арнайы көтере отырып, қазақ ғылымының дамып, өркендеуі үшін ұлттық ғылым тілінің қалыптасуы қажеттігі туралы айтады. Сонда қазақ терминологиясын ұлт тілінде қалыптастыру мен дамыту мәселесі бүгінге дейін өзінің маңыздылығын жойған жоқ. Бұл - М.Әуезовтің ғылым тілінің тарихында ескерусіз қалмауға тиісті құнды еңбегінің бірі. Мақаланың бірінші сөйлемі – «Ғылым тілі – бұл уақытқа шейін

казак оқығанының бір қалыпқа қойып, бір негізге құра алмай келе жатқан мәселесінің бірі» - деп басталыпты. Мұндай пікір айтылғаннан бері арада қаншама жыл уақыт өткеніне қарамастан, бүгінде ғылым тілінің бар мәселесі шешілді деп айту қиын. Тіпті сонау ХХ ғасыр басында көтерілген кейбір мәселелердің күн тәртібіне бүгін қайта қойылып жатқандығының да куәсі болып жүрміз. Ғылым тілін бір қалыпқа түсіріп, бір негізге құрдық деу әлі ертерек. Ендеше, М.Әуезов көтерген мәселенің әлі де құнын жоймағандығы. Ол алғашқы мақаласында алға тартқан мәселені қайтадан қозғап, былай деп жазады: «Қазіргі казак тіліндегі оқу екі ағысқа бөлініп барады. Бірі – мұсылманша оқығандардың жолы. Ғылым тілін арабшаға, мұсылман негізіне тартады. Екіншісі – орысша оқығандар, ғылым тілін орысшаға, Еуропа негізіне тартады. Бұл жік тәртіпті бастауыш мектептердің хәм курстардың оқуында айқын білініп отыр. Әркімнің өз білгеніне тартатыны мәлім нәрсе» [3]. Бұл дәл қазіргі біздер үшін де айтылған сөз деп білгеніміз абзал. Олай дейтін себебіміз, бүгінде ел тізгінінде жүрген арқалы азаматтарымыз бен жаңа буын жастарымыздың өзі орысша ойлап, шет тілінде сөйлесек қана жетістікке жетеміз деген ойдан алыстай алмай жүргені дүйім жұртқа аян. Дегенмен, болашақта барлық елдермен терезесі тең ел болуымыз үшін жеті жұрттың тілін біліп, ілімін үйренуіміздің қажеттілігі күннен-күнге анық сезілуде. Бірақ, еліміздің ертеңі болар ұрпағымызды әуел бастан өз ана тілімен ауыздандырып, ұлттық құндылықтарымызды бойларына сіндіріп барып, қалған мәселені шеше беруімізге болады. Ол үшін ғылым тілін қалыптастыратын зиялы қауым өкілдері, тілші-ғалымдар өз ойларын бір арнаға тоғыстыра отырып, ұлттық үлгідегі оқулық, оқу құралдарын жасаудан ғылыми термин жасауға дейінгі аралықта бір мақсатта жұмыс істеулері керек.

Кешегі кеңестік кезеңдегі казак терминологиясының дамуы мен қалыптасуында ұлы орыс тілі сөздері арқылы терминологиялық қорымызға мындаған шет тілі сөздерін қабылдап алдық. Ұлттық сипаттағы терминдеріміз көрініс таппады. Соның салдарынан бүгінгі күнге дейін ұлттық тіліміздің мешеудің күйін кешіп отырған жағдайы бар. Бұл жайында белгілі ғалым Ш.Құрманбайұлы: «...Сол үшін тілімізге шет тілдерінің терминдерін қабылдап, әбден қалыптастырып алғаннан кейін оны қалай өзгертудің жолын іздеп әуреленгенше, оны қалыптастырмастан, тілге енгізіп алмастан бұрын алдын ала ойланған дұрыс» [4] десе, М.Әуезов: «Біреу оңға, біреу солға тартып, илей беруге көне беретін ғылым жолы – терінің

пұшпағы емес. Әуелде қалай беттесе, көп уақытқа шейін сол бетінде жол болып бекіп қалады. Сол себепті қазақ қазақ оқуының бетіне қандай жаңалық кіргіземіз десек те, әуелі кеңінен толғап, ойланбай іс қылудың артынан талай аурулы мәселе туып кетуін ұмытпау керек» [5] деп жазған болатын.

Бұдан шығатын қорытынды, М.Әуезовтің дәл қазіргі қазақ тілі үшін термин жасаушыларымызға жаңа сөздер қабылдау кезінде тереңірек ойланып барып, тың шешім қабылдауларына негіз боларлық пайымдау болып табылады. Бастысы қазақтың ғылым тілін, терминологиясын дамыту үшін ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, қазақ тілінің лексикалық қабаттарын ұтымды пайдаланудың қажеттігін көрсетеді.

Осындай ел қамын, тіл тазалығын ойлаған еңбектерінің бірқатары әр жылдарда жазылған сан алуан үлкенді-кішілі толғаныстары мен ой-тұжырымдары болып табылады. Олар тілші-ғалымдардың еңбектерінде қарастырылып, жалпы жұртшылықтың назарынан тыс қалмай келеді. Бұл ғұлама ғалымның тіл мәселесіне қатысты ойларының құндылығын көрсетсе, тіл білімі оның ішінде ғылым тілі – қазақ терминологиясы жайындағы еңбектері елеулі.

Қазақ әдеби тілінің ғылыми стилі немесе терминология мәселесі туралы сөз болғанда оның тууы мен қалыптасуына және термин сөздерді жасауда зор еңбек еткен, тікелей қатысқан екі үлкен тілші – ғалымымыз А.Байтұрсынов пен Қ.Жұбановты атамасқа болмайды. А.Байтұрсынов – қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының негізін салушы әрі терминтану ғылымының атасы десек артық айтпас едік. Ол – қазақ тілі мен әдебиетінің терминдерін жасай отырып, ғылым тілін қалыптастыру, игеру үшін емле мәселесін реттеп, шешіп алу керектігін айта отырып, «Дұрыс емле мен қате емлені айыруға менің ойымша бұлай қарау керек шығар деймін: тіл табиғатына қарай емлені ыңғайлау ма? Мен, ойлаймын, емле – жазу үшін шығарған нәрсе, жазу – тіл үшін шығарған нәрсе. Олай болса тілді бұзып емлеге ыңғайлау емес, емлені тілге ыңғайлау керек, тілдің табиғатына қарамай зорлап, емлеге таңып, байласа, қытай қатындарының аяғы болып шығады» деген еді [6]. Яғни, қазақ тіліндегі жоқ дыбыстарды зорлап әліпбиімізге кіргіземіз деу бекершілік деп табады. Және оның осылайша емле мәселесіне аса көңіл қою себебі – сол кездегі тілімізге тасқындап еніп жатқан бөтен сөздерге және олармен бірге тілімізде пайда болған жат дыбыстарға тосқауыл қоюды ойлағандықтан туындап жатқандай. Ал, ғалым

оларды тілімізге ендіру қажет болса, қазақ тілінің фонетика–грамматикалық заңдылығына бейімдеп қабылдау керек,- дейді.

Ал, заңғар жазушымыз М.Әуезовтің жоғарыда аталған алғашқы мақаласы мен А.Байтұрсыновтың осы мақаласының арасында төрт жылдай уақыт айырмашылығы болғанмен, екеуінде де сол уақыттың өзекті мәселелерінің бірі – ғылым тілі және қазақ жазуын бір ізге түсіру мәселесі сөз болған. Сондай-ақ сол кездегі осы мәселеге қатысты А.Байтұрсыновтың, Х.Досмұхамедовтің, М.Дулатовтың және т.б. оқымысты-ағартушы ғалымдардың соңына қалдырған еңбектеріне көңіл аударсақ, бәрін бірдей мазалайтын, алаңдатып ойландыратын бір-ақ нәрсе бар екенін білеміз. Ол – оқыту, халыққа білім беру, қысқасы ағартушылық мәселесі. Осы діттеген мақсатқа қалай жетуге болады дегенде бәрінің көзқарасы, ұстанған ұстанымдары бір жерден шыға да бермейді. Олардың позициялары әр басқа. Мұсылманша оқығандар араб әліпбиін (алфавит) одан әрі дамытып, ғылым тілін және оның аталымдарын (термин) қазақтың өз тіл байлығының негізінде жасауды көздейді. Не болмаса, ол сөздерді басқа тілдерден алғанның өзінде де, қазақшалап алу керек деген бағыт ұстанған.

Кез келген терминжасам білім мен шығармашылықты талап ететін күрделі үрдіс екені бәрімізге белгілі. Ол терминдеріміз өнімді және сапалы болуы үшін ғылыми негізделген әдіснама мен технологияны қажет етеді. Ғылыми әдебиеттерде терминжасам үшін, ең алдымен мемлекеттік фонетикалық және орфографиялық стандарттары ресми түрде бекітілу принципі орындалуы тиіс. Өйткені кез келген термин – сөз, аталым нәтижесі болып табылары сөзсіз.

Термин болмыс пен шындықты, әлеуметтік-қоғамдық қатынастарға қатысты белгілі бір ұғымды нақты бейнелеуге тиіс. Терминнің басты алғышарттары – қолданылатын белгілі бір аясының болуы, объективтілігі, тұрақтылығы мен орнықтылығы, стильдік тұрғыдан бейтараптылығы, яғни экспрессия, әсірелеу, көңіл-күй, субъективті түсінік көрініс бермеуі тиіс. Ал осы мәселелер ұлы жазушымыздың әр кезде жазған ойларында көрініс тауып отырған.

Мәселен, ғылыми мәтінде термин неғұрлым көп болса, ол соғұрлым дәл, айқын әрі тұжырымды болады. Демек, терминдердің өзінің тура, көпшіліктің ұғымына, қабылдауына оңай мазмұнда қолданылуы – міндетті шарт. Яғни, мағынасы бұлыңғыр, екіұшты ой туғызатын, айқын тұжырымдалмаған терминдер болмауға тиіс.

Ал, осы бағытта тілші-ғалымдарға орысша оқыған, оның мәдениеті мен әдебиетінен, ғылым мен ілімінен хабардар, бірқатар орысша оқығандар қарсы позиция ұстанып, орыс оқуына бүйректерін бұрады. Олар орыс оқуы арқылы Еуропа мәдениетін, ғылымын пайдалану қазақ халқының болашағы үшін тиімді деген көзқараста болған. Сол себептен болар, ХХ ғасыр басында ғылым тілі және ғылыми аталымдар жөнінде екіжақты көзқарас пайда болғандығы байқалады. Солай бола тұрса да, болашақ ғылым тілі қандай болу керек деген мәселеге екі түрлі көзқарас болғанымен, барлығына ортақ бір іс – қалайда қазақша оқулықтар жасау екенін аңғарамыз. Ал ол үшін ғылым тілі қажет еді. «Білім алудың жолы көп, жолдың ішінде ең төтесі - жақсы мектеп, мұнан қалса, ел ішінде көпке түсінікті болып жазылған білім кітаптары. Мектеп жақсы болу үшін құралдары түгел, саймандары жеткілікті болуы шарт. Құралды, сайманды түгіл, құралсыз да мектеп жоқ. Сондықтан мектепті түзеу – біздің бірінші жұмысымыз», – деп жазады ұлт болашағын ойлаған Х.Досмұхамедұлы [7].

Сол себепті ұлт болашағын ойлаған зиялы қауым өкілдерінің ішінде өз ана тілінде еңбек жазып, халқына таратпауы туралы реніш білдірген М.Әуезовтің төмендегі пікірі қазіргі біздер үшін ғылыми еңбектерін өзге тілде қорғап жүргендерге орынды айтылған сөз деуімізге әбден болады. Онда «қазақтан шыққан инженерлер, дәрігерлер, биологтар, математиктер өз еңбектерін өз халқы тілінде жазып таратпауын немен ақтауға болады?» - деп реніш білдіре отырып жазса, екіншіден, «біздің бүгінгі әдебиет тіліміз байығанда, сол ғылым-техниканың бар саласындағы ұғым, түсініктер, атаулар молынан кіретіндіктен байиды дейміз. Ендеше, сол сөздерді, сол ғылымдарға байланысты, тіл, орам шеберлікті осы ғылымдардың өз мамандарынан артық қазақ тілінде айтып бере алатын шеберлерді, кайраткерлерді бір жақтан қарызға сұрап аламыз ба? » [8] - деп батыра айтады. Дегенмен, тәуеліздік алғанымызға біршама уақыт өтсе де, әр салада ғылыми еңбектерін орыс тілінде қорғап жүрген қарақөздеріміз жеткілікті.

Сайып келгенде, термин – адам танымының тілдік таңбасы болып табылады, яғни адамның басты рухани, ғылыми және материалдық игілігі болғандықтан, гнеосеологиялық, семиотикалық, семантикалық үштіктің бірлігі және нәтижесі. Ал, терминдердің ең басты қызметі – ғылыми ұғымды білдіру, сол арқылы ғылымды дамыту болса, сол ғылыми ұғымды білдіретін терминдерді, терминология ғылымының қалыптасып, дамуына өзіндік үлесін

қосқан заманымыздың заңғар жазушысы М.Әуезовтің қосқан үлесінің мол болғанын ауыз толтырып айтуға болады. Сонымен бірге, термин мамандарға, ғалымдарға ғана қажетті шартты таңба емес, ол - халықтың ақыл-ой санасы, ұлттық рухани қазынасы екені әрбір еңбегінде көрініс табады.

*Пайдаланған әдебиеттер тізімі:*

1. Р.Сыздықова. Абай тілінің зерттелуі // Абай тағылымы, Алматы. Жазушы, 1986.
2. М.Серғалиев. Сөз сарасы табылар іздегенге. Жұлдыз. №7, 1977.
3. А.Байтұрсынов. Тіл тағылымы. Алматы, Ана тілі, 1992.
4. Х.Досмұхамедұлы. Аламан, Алматы, Ана тілі. 1991.
5. М.Дулатов. Тіл құрал // Қазақ тілі жөніндегі революциядан бұрынғы зерттеулер. Алматы. Ғылым, 1993.
6. Ш.Құрманбайұлы. Алаш зиялылары және терминтану. Алматы. Ел-шежіре, 2008.
7. М.Әуезов. Он екі томдық шығармалар жинағы. 11 том. Алматы. Жазушы, 1969.
8. М.Әуезов. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 19 том. Алматы. Жазушы, 1985.

\*\*\*

*В статье дается анализ научным концепциям М.Ауезова об образовании, правилах перевода и становлении казахской терминологии в Советский период.*

\*\*\*

*The analyze of M. Auezovs concepts about education, the rules of translation and development of Kazakh terminology in the soviet period is given in the article.*

ӘОЖ 81/ 36: 161.26

**Құсайынова Ж.А.**

*ф.ғ.к., С.Сейфуллин атындағы ҚАУ*

**ОҚШАУ СӨЗДЕРДІҢ МОДАЛДІ МАҒЫНАНЫ АЖЫРАТУ  
ҚЫЗМЕТІНЕН**

Грамматикалық белгісі синтаксистік құрылымдар аясында ғана ажыратылып, сөйлемнің жалпы мазмұнына қатысты айтылатын қолданыстар қатарына оқшау сөздерді жатқызамыз. Олардың сөйлем аясында басқа сөздермен синтаксистік байланысқа түспейтіні белгілі. Бірақ «сөйлемдегі ойға, оның айтылу тәсіліне айтушының қалай қарайтынын білдіретін» [1, 234] басты қызметтері аталған қолданыстардың модалділік санатына қатысын айқындайды.